



БҰЙРЫҚ

05.01.2025г.

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 5/1-н/к

город Астана

Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз етуіне жауапты тұлғаны тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 2022 жылғы 30 наурыздағы №117-бұйрығының 13-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізуге жауапты тұлға болып (бұдан әрі – *терроризмге қарсы қорғалуға жауапты*), Меңгерушінің шаруашылық жөніндегі орынбасары Бибигуль Сергеевна Баймухамбетоваға тағайындалсын.

2. Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізуге жауапты Б.С.Баймухамбетова:

- тағайындалған мерзімі ішінде осы бұйрыққа 1-қосымшада көрсетілген міндеттерді орындасын;

- 2024 ж. 01 қыркүйек айына мерзімге дейін террористік акт жасалуы қаупі төнген кезде немесе теракт жасалған уақытта іс-әрекет ету бойынша оқытудан және нұсқамалықтан өтсін;

- террорлық шабуылдың моральдық-психологиялық салдарын азайту бойынша сабақтарға қатыссын;

- таралуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеуге дайындықтан өтсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақша меңгерушісі

Г.К.Бектурганова

Бұйрықпен таныстым:

Б.С.Баймухамбетова

**Терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз ету
бойынша іс-шараларды өткізуге жауапты тұлғаның міндеттері**

1. Терроризмге қарсы қорғаудың нормативтік талаптарының орындалуын қамтамасыз ету:

-терроризмге қарсы қорғау, физикалық қорғауды ұйымдастыру, өткізу және объектішілік режимдер мәселелері бойынша ұйымдық-өкімдік құжаттарды, іс-шаралар жоспарларын, бұйрықтардың жобаларын әзірлеу;

- есеп беру құжаттамасын құрау;

- террористік қатердің алдын алу мәселелері бойынша мектепке дейінгі ұйымдағы балалар мен қызметкерлерге арналған нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдар дайындау;

- ұйымда террористік әрекеттерге тиімді түрде қарсы әрекет ету үшін қауіпсіздік шараларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

2. Білім беру ұйымына заңсыз кіруге кедергі жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру:

- заңсыз ену (кіру) себептерінің алдын алу, анықтау және жою жөніндегі іс-шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

- өткізу режимі мен объектішілік қауіпсіздікті ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

- білім беру ұйымының ақпараттық ресурстарына рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау үшін шаралар кешенін әзірлеу және іске асыру;

- терроризмге қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

- білім беру ұйымының аумағы мен үй-жайларын күнделікті бақылауды жүзеге асыру.

3. Терроризмге қарсы қорғау мәселелері бойынша қызметкерлерді даярлауды ұйымдастыру:

- білім беру ұйымының терроризмге қарсы қорғалуына қойылатын талаптары және қауіпсіздік мәселелері бойынша ұйымдық-өкімдік құжаттарының мазмұны туралы хабардар ету;

- төтенше жағдай кезінде эвакуациялау жоспарын, терроризмге қарсы қорғау мен қауіпсіздікке жауапты лауазымды тұлғалардың, сондай-ақ апаттық-құтқару қызметтерінің, құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік органдарының байланыс нөмірлерін орналастыра отырып, ақпараттық стендтер жабдықтау;

- білім беру қызметі аясында терроризм және экстремизм идеологиясына қарсы іс-қимыл бойынша қызметкерлердің жеке жұмысын жүргізу;

- қауіп төнген немесе террористік акт фактісі туындаған жағдайда қызметкерлерді іс-әрекетке оқытуды ұйымдастыру;

- террористік акт орын алуы фактісі немесе қауіп кезінде қызметкерлерді, тәрбиеленушілерді және басқа адамдарды қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауды үйрету үшін оқу-жаттығулар мен жаттығулар өткізу;

- террористік актілердің моральдық-психологиялық салдарын төмендету бойынша сабақтар ұйымдастыру;

- уытты химикаттарды, улы заттарды және патогенді биологиялық агенттерді, оның ішінде почта жөнелтімдері арқылы алған кезде пайдалануды анықтау және алдын алу жөніндегі жұмысқа дайындық;

- қауіпсіздік паспортында қамтылған ақпаратты қоса алғанда, таралуы шектеулі қызметтік ақпаратпен жұмыс істеу бойынша, сондай-ақ терроризмге қарсы қорғау мәселелері бойынша лауазымды тұлғаларды даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру.

4. Білім беру ұйымдарында лаңкестік әрекеттердің жолын кесу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру:

- террористік актілерге дайындықтың ықтимал белгілерін анықтау мақсатында жөндеу және құрылыс жұмыстарының орындалуын бақылау;

- көптеген адамдардың қатысуымен іс-шаралар өткізу үшін пайдаланылатын үй-жайлардың жай-күйін және білім беру ұйымының қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды бақылауды жүзеге асыру.

5. Таратылуы шектелген қызметтік ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету:

- қауіпсіздік паспортынан және басқа құжаттардан алынған деректерді, сондай-ақ терроризмге қарсы қорғау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы ақпаратты қоса алғанда, қолжетімділігі шектеулі қызметтік ақпараттың таралып кетуі ықтималдылығын анықтау және болдырмау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру;

- қол жетімділігі шектеулі қызметтік ақпаратқа қол жеткізу құқығы бар қызметкерлер мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бақылау.

6. Білім беру ұйымының терроризмге қарсы қорғау мәселелері бойынша мүдделерін білдіру:

- тексерістерге қатысу және қадағалау органдарына қажеттілік бойынша бару;

- білім беру ұйымдарында терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша құқық қорғау органдары бөлімшелерімен, жергілікті атқарушы органдар, сондай-ақ басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

- күзет ұйымының өкілдерімен білім беру ұйымын терроризмге қарсы қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы ақпарат алмасу.

Баймұхамбетова Б.С. Бауф